

Құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдарды кәдеге жаратудың 2002-2003 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2001 жылғы 8 желтоқсан N 1599 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.02.14. N 159 қаулысымен.

Халықтың денсаулығын және қоршаған ортаны сынаптың зиянды әсерінен қорғауды қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдарды жинауды, сақтауды және кәдеге жаратуды ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдарды кәдеге жаратудың 2002-2003 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдардың басшылары, облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері Бағдарламада көзделген іс-шаралардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін және жарты жылда 1 рет Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігін хабардар етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары И.Н.Тасмағамбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 8 желтоқсандағы

N 1599 қаулысымен

бекітілген

**Құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдарды
кәдеге жаратудың 2002-2003 жылдарға арналған**

Бағдарламасы

Астана қаласы, 2001 жыл

1. Бағдарламаның паспорты

Атауы

- Құрамында сынап бар аспаптар мен
бұйымдарды кәдеге жаратудың
2002-2003 жылдарға арналған

бағдарламасы

Әзірлеу үшін негіздеме

- Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі бірінші орынбасарының
2001 жылғы 8 қаңтардағы N 13498

тапсырмасы

Негізгі әзірлеуші

- Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі,
Қазақ республикалық
санитарлық-эпидемиологиялық

станциясы

Қаржыландыру көздері

- Бағдарламаны қаржылық қамтамасыз
ету жергілікті бюджеттердің
қаражаты және Қазақстан
Республикасының заңнамасымен
тыйым салынбаған басқа да
көздердің есебінен жүргізілетін

болады

Іске асыру бойынша
күтілетін соңғы нәтиже

- Құрамында сынап бар аспаптар
мен бұйымдарды жинауды және

пайдаға асыруды ретке келтіру

Іске асыру мерзімдері - 2002-2003 жылдар

2. Кіріспе

Сынап пен оның қоспалары, әсіресе органикалық, адам ағзасында жиналуға және ағзасына зиян келтіруге қабілетті аса қауіпті уыттылығы жоғары заттар болып табылады. Созылмалы уланудың өрбуінде сынаптың кез-келген нысандарынан құралған әртүрлі бұйымдар мен аспаптардан бөлініп шығатын сынап булары аса қауіп төндіретін болып отыр. Сынап тек адам үшін ғана емес, сонымен қатар тіршіліктің басқа да нысандары - өсімдіктер, судағы омыртқасыздар мен балықтар үшін де қауіпті.

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет атмосфералық ауаның және жұмыс аймағы ауасының, топырақтың, судың, су қоймаларының, азық-түлік шикізаттары мен тамақ өнімдерінің сынаптан ластану мүмкіндігіне байланысты мәселелерді жиі-жиі шешуге тура келеді.

3. Проблеманың қазіргі кездегі жай-күйін талдау

Соңғы уақытта Қазақстанда сынаптан ластанудың анықталуы мен сынапты сақтау шарттарының бұзылуына байланысты жағдайлар жиі тіркелуде. Бұл ретте сынап төгілуінің және оларды адамдар тұратын жерлерде сақтау факторларының анықталуы кездейсоқ сипат алатындығын атап өткен жөн. Бұл кәсіпорындар мен ұйымдарда есепке алудағы және оның сақталу шарттарын сақтаудағы кемшіліктерге байланысты, бұл оның ғимараттар мен көшелерде жоғалуы мен

табылуының көптеген жағдайларымен расталады. Жыл сайын құрамында сынап бар аспаптардың едәуір саны жарамсыз болып қалуда, қоқсықтар контейнерлеріне тасталынатын қалдықтарда жинақталады, қалалық және өзге де жерлердің кездейсоқ пайда болған үйінділеріне тасылады. Бұл ретте олардың қорабының тұмшалылығы бұзылады, сынап пен оның буы ауаға, су мен т о п ы р а қ қ а с і н е д і .

Республикада іс жүзінде құрамында сынап бар қалдықтарды тиімді пайдаға асыруға және олардың халық денсаулығына теріс әсер етудің алдын алуға мүмкіндік туғызатын қазіргі заманғы жабдықтармен, технологиялармен демеркуризацияланған өндірістер жоқ. Осының нәтижесінде мамандардың бағалауы бойынша орта есеппен алғанда жыл сайын 50 тонна сынап қоршаған о р т а ғ а т ү с е д і .

Қарағанды облысындағы Нұра өзені бассейнінің "Карбид" АҚ (Теміртау қаласы) ацетальдегидтік өндірісінен келіп түскен сынап пен оның қоспаларынан жаппай ластану аса алаңдатушылықты туғызады. Болжамды деректер бойынша өзеннің ластануының өн бойы 100 км болды және 150 тоннаға жуық сынаптан құралды. Сынап жалпы табиғи ортаға сіңді, бұл одан тек өзендердің түбі ғана емес, сонымен қатар онымен жапсарлас аумақтардың және ауылшаруашылық пайдалы жерлердің және ауылшаруашылық өнімдері өсетін, ластанған сумен суарылатын алқаптардың да ластануын туғызды.

Осындай жағдай бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жаңғырық туғызған Павлодар "Химөнеркәсібі" бірлестігінде де болды.

Құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдарды (люминисценттік шамдарды , термометрлерді, кинескоптарды, өлшеу аппаратурасын және т.б.) пайдаланудағы, сақтаудағы және пайдаға асырудағы бұзушылықтардың есебінен қоршаған ортаны сынаппен ластау проблемасы шешусіз қалып отыр.

Кейбір ұйымдар мен тұрғындар пайдаланылатын сынап аспаптары мен шамдарды пайдалану мерзімі өткеннен кейін қоршаған ортаны ластай отырып, оларды қалалық қоқыс үйінділеріне, тұрғын үйлер мен т.б. аумақтарға бақылаусыз тастау жағдайларының болуы одан әрі жалғасып отыр. Құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдарды қайта өңдеу және пайдаға асыру жөніндегі пункттердің қажетті санының, сондай-ақ осындай іс-шараларды жүргізуді ұйымдастыруды міндеттейтін заңнамалық кесімдерінің болмауы жағдайды қ и ы н д а т а т ү с у д е .

Құрамында сынап бар материалдар мен бұйымдарды пайдалануға, сақтау мен пайдаға асыруға бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ авариялық жағдайлар туындаған жағдайда іс-шаралар жүргізеді деп танылған министрліктер мен ведомстволардың арасында қажетті өзара іс-қимыл жоқ.

Құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдарды пайдаға асырудың

бағдарламасы осындай өнімді жинауды және пайдаға асыруды ретке келтіреді, осындай іс-шаралардың тәртібі мен оларды жүргізуге жауаптыларды айқындайды деп танылған.

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның негізгі мақсаты қоршаған ортаның сынаптан ластануына жол бермеу болып табылады.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

- құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдарды жинауды, сақтауды және пайдаға асыруды толық есепке алуды қамтамасыз ету;
- құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдарды әкелуге, жинауға, сақтау мен пайдаға асыруға бақылауды ретке келтіру;
- облыс орталықтарында құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдарды жинақтау және демеркуризациялау пункттерін ұйымдастыру және пайдалануға қосу.

5. Іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

Бағдарламаны іске асырудың жалпы мақсаты шеңберінде жақсы ретке келтірілген және бәрін қамтитын бақылау жүйесінің едәуір маңызы бар, сондықтан:

- меншік нысанына қарамастан республиканың ұйымдарында құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдарды және металл сынаптарының болуын түгендеуді жүргізу;

- өндірістік объектілер мен мемлекеттік бақылау органдарының зертханаларын газанализаторлармен жарақтандыру;

- құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдарды әкелуге тиісті бақылау жасау;

- Қазақстан Республикасында пайдаланылатын құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдар тізілімін дайындау және бекіту;

- құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдардың сақталу шарттарын айқындау, оларды демеркуризациялау және пайдаға асыру жөніндегі іс-шараларды орындау мақсатында кешенді тексеруді жүргізу үшін ТЖ жөніндегі басқармалардың, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аумақтық басқармалардың мамандарынан тұратын комиссиялар құру;

- жедел-құтқару жасақтарының жергілікті жерлердегі жұмысын күшейту;

- санитарлық-қорғау аймақтарының құрамында сынап бар ұйымдарына арналған нормативін түзетуді жүргізу;

- өндірістік объектілердің және бақылау органдарының мамандарын сынапқа талдама бақылау жасаудың жаңа әдістеріне үйрету;

- қоршаған орта объектілерінің (ауа, топырақ, су, тамақ өнімдері) сынаптан

ластануының жай-күйін зерделеу;

- халықтың арасында, сондай-ақ мектептерде, мектепке дейінгі балалар және емдеу-алдын алу мекемелерінде сынаптан ластанудың қаупі туралы санитарлық-ағарту мен түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

- құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдарды жинауды, сақтау мен пайдаға асыруды толық есепке алуды қамтамасыз ету;

- облыс орталықтарында құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдарды жинау мен демеркуризациялау пункттерін ұйымдастыру;

- құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдарды әкелу, жинау, сақтау мен пайдаға асыру схемасы жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу;

- құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдарды әкелуге шекаралық бақылау жүйесін жасау қажет.

6. Бағдарламаны ресурстық қамтамасыз ету мен қаржыландыру көздері

Бағдарламаны қаржылық қамтамасыз ету жергілікті бюджеттердің және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінен жүзеге асырылатын болады. Қаржылық қамтамасыз ету: 2002 жылы - 20 млрд. 151 млн. 676 мың теңге; 2003 жылы - 1 млрд. 4 млн. 1 мың теңге (Жиыны: 21 млрд. 155 млн. 775 мың теңге) көзделіп отыр.

7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Бағдарламаны қабылдау мен іске асырудан түсетін әлеуметтік-экономикалық тиімділігі құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдарды жинауға, сақтау мен пайдаға асыруға бақылауды ретке келтіруден және қоршаған ортаның ластануына жол бермеуден құралады.

8. Құрамында сынап бар аспаптар мен бұйымдарды пайдаға асырудың 2002-2003 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

N п/п!	! №Іс-шара ! лар !көздері	!Орындау !мерзімі	! Аяқтау ! нысаны	!Жауапты !орындаушы.	!Қаржыландыру !көлемдері мен
1	Республиканың ұйымдарын. дағы құрамында сынап бар аспаптарды, бұйымдарды және металл сынаптарының болуын түгендеуді жүргізу	2002 жыл	Әкімдер. дің шешімдері	Мемсанэпид қадағалау. дың, ҚР ТОҚМ - аумақтық органдары, облыстардың, Астана және Алматы қала. ларының	

ларын газанализаторлармен
жарақтандыру

дің сани.
тарлық-эпи.
демиология.
лық салауа.
ттылықты
қамтамасыз
етуге бөле.
тін қаража.
ты шегінде
(39 бағдар.
лама 30 кіші
бағдарлама
бойынша)
және ұйым.
дардың (ке.
лісім бойын.
ша) қаража.
ты есебінен

5 Құрамында сынап бар ас. 2002-2003 Қаулының ҚР ДСМ, -
паптарды "Қазақстан жылдар жобасы ҚР ТОҚМ
Республикасында тауар. бойы
лардың (жұмыстардың,
қызметтердің) экспорты
мен импортын лицензиялау
туралы" Қазақстан
Республикасы Үкіметінің
1997 жылғы 30 маусымдағы
N 1037 қаулысымен
бекітілген тауарлардың
тізбесіне енгізу

6 Қазақстан Республикасын. 2002-2003 Бірлескен ҚР ДСМ,
да пайдаланылатын құра. жылдар бұйрық ҚР ТОҚМ,
мында сынап бар аспаптар ҚР ТЖА
мен бұйымдардың тізілімін
дайындау және бекіту

7	Құрамында сынап бар ас. паптар мен бұйымдарды сақтау шарттарын айқын.	2002 жыл	Бірлескен ҚР ДСМ, бұйрық ҚР ТЖА, ҚР ТОҚМ
---	---	----------	--

дау, оларды түгендеудің болуы, демеркуризациялау және пайдаға асыру жөнін. дегі іс-шаралардың орын. далуы, сондай-ақ көрсе. тілген мәселелер бойынша құжаттамаларды ресімдеу мақсатында кешенді тексерулер жүргізу үшін мемлекеттік санэпидқызмет, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аумақтық басқармалардың, ТЖ жөнін. дегі басқармалардың, мамандарынан құралған комиссия құру ;

8	Жедел-құтқару жасақтары. ның жергілікті жерлер. дегі жұмысын күшейту	2002-2003 Шешім жылдар	Облыстардың, - Астана және Алматы қала. ларының әкім. дері (келісім бойынша), Қ Р Т Ж А
---	--	------------------------	---

9	Құрамында сынап бар калдықтардың, істен шыққан құрамында сынап бар аспаптар мен бұйым. дардың жинақталуына байланысты қоршаған ортаның ластануы және оларды демеркуризация.	2002 жыл	Үкіметке ҚР ТОҚМ, ҚР - ақпарат ТЖА, ҚР ДСМ
---	---	----------	--

лау және пайдаға асыру
үшін полигондар салу
қажеттігі туралы материал
да я р л а у

10 Сынаптан ластануға 2002-2003 Үкіметке ҚР ДСМ, -
ұшыраған аумақтарды, жылдар ақпарат ҚР ТОҚМ
аймақтарды, елді мекен.
дерді кешенді токсиколо.
гиялық-гигиеналық және
экологиялық бағалау
мақсатында қоршаған орта
объектілерінің (ауа,
топырақ, су, тамақ өнім.
дері) сынаптан ластануының
жай-күйін зерделеу _____

11 Санитарлық-қорғау 2002 жыл Норматив. ҚР ДСМ, -
аймақтарының норматив. тік ҚР ЭСМ,
терін қоршаған орта құқықтық ҚР ТОҚМ
мониторингінің санитар. кесім
лық-қорғау аймақтарының
ШМЖ шегінен жоғары 1000
метрдегі ауаның сынаптан
ластануы туралы қолда
бар деректеріне байланысты
олардың ұлғаяуы жағына
түзетуді жүргізу _____

12 Өндірістік объектілердің 2002-2003 Бірлескен ҚР ДСМ, Жергілікті
және бақылау органдары. жылдар бұйрық ҚР ТОҚМ, бюджеттерден
ның мамандарын сынапқа өнеркәсіптік жыл сайын
талдама бақылаудың жаңа ұйымдар бөлінетін
әдістеріне үйрету (келісім қаражаттың
бойынша) және ұйым.
дардың жеке
қаражатының
есебінен _____

13	Балалар және ЕАМ мекеме.	2002-2003	БАҚ-қа	ҚР ДСМ,
	лерінде халықтың сынап.	жылдар	ақпарат	ҚР ТОҚМ
	тан	ластанудың	қауі	
	туралы	санитарлық-ағарту		
	және түсіндіру	жұмыстарын		
		ж ү р г і з у		

14	Құрамында сынап бар ас.	Тұрақты	Бұйрық	ҚР ДСМ,
	паптар мен бұйымдарды			ҚР ТОҚМ,
	пайдаланатын барлық			ұйымдар мен
	меншік нысандарындағы			мекемелердің
	ұйымдарда және олардың			басшылары
	айналымына, оның ішінде			(келісім
	емдеу-алдын алу, мектеп			бойынша)
	пен мектепке		дейінгі	
	мекемелерде		бақылауды	
		к ү ш е й т у		

15	Құрамында сынап бар ас.	Тұрақты	Хаттама	ҚР ДСМ
	паптар мен		бұйымдарды	
	пайдаланатын		кәсіпорын.	
	дардың,		мекемелердің	
	жұмыс аймағындағы,		жина.	
	латын жерлердегі		ауада	
	сынап буын		ұстауға	
	бақылауды		күшейту	

16	Сынап термометрлерін	2002-2003	Әкімдер.	Облыстардың, Жыл сайын
	индикаторлы термометр.	жылдар	дің	Астана және жергілікті
	лермен ауыстыру жөнін.		шешімдері	Алматы қала. бюджеттерден
	дегі шараларды қабылдау		ларының	бөлінетін
			әкімдері	қаражаттың
			(келісім	есебінен
			бойынша)	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК